4824085

Zenet Zet-483

Климаттық кешені

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық


Үлгі	ZET-483
Кернеуі	200 В

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ:

1. Бағы суға толы аспапты тасымалдамаңыз. Бак бос болса да, аспапта су қалуы мүмкін.
2. Тек таза суды қолданыңыз. Қажет болса, тазартылған суды қолданыңыз.
3. Осы нұсқаулықтың «Техникалық қызмет көрсету» бөлімінде ұсынылғандай, тұрақты қызмет көрсетуді оқып, орындауыңызды өтінеміз.
4. Климаттық кешенді тек ластанбаған жерлерде қолдануға болады. Шаңның / ластың үлкен бөлшектері аспаптың қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.
5. Құрылғыны тек құрғақ жерлерде қолдануды ұсынамыз. Ылғалды бөлмеде қолданған кезде аспапқа судың түсуіне жол бермеңіз.
6. Егер аспаптың бетіне су түссе, құрылғыны желіден ажыратып, оны 24 сағат құрғатыңыз. Содан кейін әдеттегідей қолданыңыз.
7. Аспапты ұзақ уақыт бойы тікелей күн сәулесінің астында қалдырмаңыз.
8. Егер сіз салқындатқышты ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, онда су бағын босатып, желдеткіштің максималды жылдамдығын 4 сағатқа орнату керек. Бұл жүйедегі барлық суды құрғатады және жағымсыз салдарға әкелмейді.
9. Жинаққа кіретін бастапқы қуат бейімдеуіші мен сымды ғана қолданыңыз.
10. Дымқыл қолыңызбен қуат көзін немесе қуат сымын ұстамаңыз.
11. Аспапты тазалау, жылжыту, сүзгіні шешу / ауыстыру кезінде өшіріңіз.
12. Климаттық кешенді жылытқыштың немесе электр жабдығының жанына қоймаңыз.
13. Құрылғыны аударылып қалуы ықтимал, кіреберістерге немесе адам көп жүретін жерлерге орналастырмаңыз.
14. Құрылғының ішіне бөгде заттардың түсуіне жол бермеңіз.
15. Климаттық кешеннің үстіне бөгде заттар қоймаңыз.
16. Аспаптың алдыңғы және артқы торларын бұғаттамаңыз.
17. Аспапты төңкермеңіз.
18. Аспапқа су құймаңыз.
19. Климаттық кешенді ашық оттың тікелей жанына қоймаңыз.
20. Құрылғы қуат көзінен ажыратылған кезде ғана толығымен өшірілуі мүмкін.


Өндіруші осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықты сақтамаудан туындаған кез келген залал үшін жауапкершілік артпайды.

АСПАПТЫ ІСКЕ ҚОСУ:



- Климаттық кешенді қосу үшін «ON / OFF» қуат батырмасын басыңыз.
- «Speed» батырмасын басу арқылы желдеткіш жылдамдығын орнатыңыз. Қажетті режимді таңдаңыз: Low, Mid, High. Жарықдиодты көрсеткіш құрылғының қазіргі уақыттағы жылдамдығын көрсетеді.
- «Cool» Салқындату батырмасы. Салқындату батырмасын басыңыз, егер сіз резервуарға су мен салқындатқыш қоссаңыз, ауа салқындатылады.
- «Swing» батырмасы. Айналдыру батырмасын басыңыз, қалақшалар солға және оңға жылжитын болады.
- T«timer» батырмасы. Уақыт үзіндісін таңдау үшін таймерді орнатыңыз, ауқымы 2-ден 12 сағатқа дейін.
- «Mode» батырмасы. «Mode» (режим) батырмасын басыңыз, осылайша сіз аспаптың қажетті жұмыс режимін таңдай аласыз.

АСПАПҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ:



- Климаттық кешен сыртынан үнемі тазалауды қажет етеді.
- Құрылғыны тазаламас бұрын «ажыратқышты» өшіріңіз. Кәбілді рәзеткіден шығарыңыз. Бакты ашып, ішін тазалаңыз, суды төгіп тастаңыз.
- Сүзгіні ағынды сумен жуу керек.
- Климаттық кешенді тазарту үшін жуғыш заттарды, қажағыш тазартқыш сұйықтықтарды немесе химиялық заттарды пайдаланбаңыз.